**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелерін жария талқылау**
# ХАТТАМАСЫ

**Өткізу күні:** 28 мамыр 2025 жыл
**Өткізу уақыты**: 11:00
**Өткізу орны:** «Мейірім оңалту орталығы» МКҚК мәжіліс залы
Ұйымдастырушы: Ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобы
Қатысушылар:
Кәсіпорын басшысы – А.АНиязкулов
Ішкі талдау тобының төрайымы –Ә.Әбен
Ішкі талдау тобының мүшелері – Ф.Елтаева, Т.Мұханова, К.Тажитаева
Құрылымдық бөлімше меңгерушілері, медицина қызметкерлері, әкімшілік қызметкерлер, комплаенс-офицер

## КҮН ТӘРТІБІ:

2025 жылдың қаңтар – мамыр айлары аралығында жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелерін талқылау, ұсыныстар енгізу және алдағы іс-шаралар жоспарын бекіту.

## ТАЛҚЫЛАУ БАРЫСЫ:

1. **Кіріспе сөзі:**

Ә.А.Әбен – Комплаенс Офицер :
Сөзінде мекемеде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша тұрақты түрде жұмыстар жүргізіліп келе жатқанын, ISO 37001 стандартына сәйкес ішкі бақылау тетіктерінің дамып келе жатқанын атап өтті. Сонымен қатар, ішкі талдау тобының жұмысына ризашылығын білдіріп, оның қорытындылары мекеменің ашықтығы мен тиімділігін арттыруға ықпал ететінін жеткізді.

**2. Талдау қорытындысы бойынша баяндама:**
Ф.Елтаева – жұмыс тобының мүшесі:
Жүргізілген ішкі талдау барысында келесі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталғанын баяндады:

Пациенттерді қабылдау бөлімі қызметкерінің көрсетілген қателіктерінен кейін еңбекке жарамсыздық парағын ашқан. (Полат Н.);Жасаған қателіктері мен жұмысқа салғырт қарау және өз лауазымдық нұсқаулытағы бекітілген жұмысты бір жақтама қарағаны үшін, жұмысқа шыққаннан кеін келісім комисия мүшелерімен талқыланады.

Пациенттерді тіркеу және дәрігерге жазу кезінде техникалық ақауларға байланысты қайталап келу жағдайы тіркелген;

Медициналық көрсетілетін дәрі-дәрмектердің кейбірі Қазақстан ұлттық дәрілік формулярына (ҚҰФ) енбейді;

Жұмысқа қабылдау кезінде конкурстық рәсімдердің толық сақталмауы мүмкіндігі байқалған.

3. **Қатысушылардың ұсыныстары:**

Құрылымдық бөлім меңгерушілері және қызметкерлер:

Пациенттермен тікелей жұмыс істейтін қызметкерлердің әдеп нормаларын сақтауын қадағалауды күшейту;

Медицина қызметкерлері арасында құқықтық оқыту мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тренингтерді тұрақты ұйымдастыру;

Қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтары мен жауапкершілігін нақтылау;

Қызметке қабылдау рәсімдерін толық автоматтандыруды жалғастыру;

Медицина қызметкерлерінің әрекетіне келіп түскен арыз-шағымдарды дер кезінде қарау.

## ТАЛҚЫЛАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ:

**Қабылданған шешімдер:**

Ішкі талдау қорытындысы бойынша ұсыныстар толық көлемде орындалуға тиіс.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында:

Медициналық қызмет көрсету сапасына байланысты шағымдарды ерекше бақылауға алу ;

Қызметкерлердің жұмысын қатаң ішкі бақылауға қою;

Жұмысқа қабылдау процесін тек Жұмыспен қамту орталығы жолдамасы және ашық конкурс арқылы жүзеге асыру;

ҚҰФ-на енбейтін дәрілік заттарды қолдануға тыйым салу бойынша нұсқаулық беру;

Барлық шешімдер бойынша 2025 жылдың маусым айында есеп беру жоспарланып, орындау барысы комплаенс-офицер тарапынан қадағаланады.

Баяндалғанның негізінде **МЫНАДАЙ ҰСЫНЫСТАР ЕНГІЗІЛЕДІ:**

Пациенттердің өтініштерін жедел қарап, сапасыз медициналық көмек көрсетудің алдын алу. Медицина қызметкерлерінің лауазымдық міндеттері мен жауапкершілігін нақты айқындау.

Қызметкерлердің қызметіне ішкі бақылау жүргізуді күшейту.Қызметке қабылдау рәсімдерін толығымен ашық және конкурстық негізде өткізу.Әрбір

құрылымдық бөлімге сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша нақты тапсырмалар беру.

**Хаттамаға қол қойғандар:**

Ішкі талдау тобының төрайымы:

_______ /Ә.А.Әбен/

Жұмыс тобының мүшелері:

_______ /Ф.Елтаева/

_______ /Т.Мұханова/

_______ /К.Тажитаева/